

Мәлімет

Ж.Ташенов атындағы жалпы орта мектебінде 10-21 қазан аралығында «Ізгілік» пән бірлестігінің онкүндігі өткізілді.

Онкүндік барысында атқарылатын іс-шаралар жоспарланып, бекітілді.

10.10.2022ж күні «Ізгілік» пән бірлестігінің онкүндігі басталды. Осыған орай мектебімізде қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі пәндері бойынша онкүндіктің ашылу салтанаты болып өтті. Салтанатты жиында оқушылар тіл туралы, туған туралы ана тілінде Абайдың қара сөздері, М.Шахановтың өлеңдері, ана тілі туралы жыр жолдарымен қоса, орыс, ағылшын тілдерінде де өлең-жырлар оқып, көр тіл білуге деген құштарлықтарын көрсете білді. Сондай-ақ, сыныптар арасында қабырға газеттерін шығарып, сыныпаралық байқау өткізілді. Үздік деп танылған сыныптар марапатқа ұсынылды.

Алғашқы күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Уткельбаева 9-11-сынып оқушыларымен бірге «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап жәрменкесін» өткізді. Аталған шарада оқушылар өздері оқыған кітаптың авторы және мазмұнымен таныстырып, өзге оқушыларды да кітап оқуға шақырды. Аманова Гүлнұр

Д.Клейсонның «Вавилондағы ең бай адам», Қилыбай Азиза Т.Жолдасбекқызының «Кеш қалма», Қилыбай Ақсезім С.Мұқановтың «Ботагөз» романын, Тұрмахан Бакытгүл Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романын, Әбілқайыр Айзере Джейн Остиннің «Гордость и предубеждение» кітабын, Мәмбетәлі Айымторы Д.Исабековтың «Қарғын» романын, Аманова Зере С.Мұратбековтың «Жабайы алма» хикаятын, Әбілқайыр Әлия Ғ.Мүсіреповтың «Ұлпан» романын, Искандер Гүлназ М.Әуезовтың «Қорғансыздың күні» шығармасын таныстырды. Оқушылар өз әсерлерімен бөлісе отырып, кітап оқыған адамның ой-өрісі кеңейіп қана қоймай, білімі тереңдеп, сөздік қоры молаятынын, танымы кеңейе түсетінін де жеткізе білді. Аталған шара барысында оқушылардың кітап оқуға деген ынтасы арта түскені, кітапқұмар оқушылардың көбейіп жатқаны барша ұстаздарды қуантты.

Осы күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ұ.Шұлғаубаева «Өнердің ерен жүйріктері» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында тыңдалым, айтылым дағдылары оқушыларға тиімді әдіспен іске асырылды. Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, сабақ тақырыбын болжап, мақсатымен танысты. Бейнежазбадағы тың мәліметтер туралы өз ойларын ортаға салу арқылы мәтіннің мазмұнын аша білді.

11.10.2022ж күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Уткельбаева 5-сыныпта «Қобыланды батыр» жыры» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында оқушылар «Алтын кілт» әдісі бойынша алтын кілтте жазылған сұрақтарға жауап бере отырып, өткен сабақты естеріне түсірді. Сабақтың негізгі бөлімінде «Құндылық ағашы» әдісі негізінде оқушылар жаңа сабақты меңгеріп, «Қобыланды батыр» жырындағы тарихи құндылықтарды анықтады. Топтық жұмыс барысында бір-біріне көмектесіп, білім алушылардың өзара ынтымақтастығы арта түсті. Кейіпкерлердің іс-әрекетін бүгінгі заманмен салыстыру мақсатында берілген жұптық жұмыста оқушылар бүгінгі күннің қаһарман батырларын, Құртқа сынды ақылды қыздары туралы әңгімелеп, берілген тапсырманы сәтті орындап шықты.

11-қазан күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі П.Жунисова 7-сынып оқушыларына Жиенбет жырау. «Еңсегей бойлы Ер Есім» атты ашық сабақ өтті.

Сабақ барысында оқушылар жыраулық поэзия сарынымен танысты. «Миға шабуыл» әдісі бойынша жыршы, жырау деген кім? Бұл сөздердің айырмашылығын түсіне аламыз ба? атты сұрақтар талданды. Бейнежазбаны көріп өз ойларын қағаз бетіне түсіре білді. «Еңсегей бойлы Ер Есім» атты толғауымен танысып, тарих сабағымен тікелей байланыстыра білді.

Сабақтың мақсатында көрсетілген көркемдегіш құралдардың қолданысына талдау жасалды.

11.10.2022ж күні орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж.Мелдехан 9-сыныпта «Анималистические образы в романе Ч.Айтматова» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Мақсаты: Ч.Айтматовтың прозалық, драмалық, поэтикалық шығармалардың, үзінділердің мазмұнын түсіну, автордың кейіпкерлерге, оқиғаларға эмоционалды-бағалаушы қатынасын білдіретін сөздерді анықтау.

Сабақ кезеңдерінде оқушылар «ТЕДх» әдісі бойынша конференция арқылы спикерлер уй тапсырмасын баяндап шықты. Сабақтың негізгі бөлімінде «Синквейн» және "Роль на стене" әдістері негізінде оқушылар жаңа сабақты меңгерді. Топтық және жұптық жұмыс жүргізіліп, оқушылардың білімі арта түсті.

12.10.2022ж күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі О.Досхожаева 6-сыныпта «Египет пирамидалары» тақырыбында қазақ тілі пәнінен ашық сабақ өткізді.

Сабақ барысында оқушылар «Көңілді саяхатшылар» әдісі бойынша жаңа сабақты көтеріңкі көңіл күймен бастады. Сабақтың негізгі бөлімінде тыңдалым дағдысы бойынша «Әткеншек» әдісі негізінде жаңа сабақтың мәтінімен танысты, тыңдау арқылы өз ойларын түсіндірді., «Бірге ойлаймыз» әдісі арқылы тақырыпты топтық жұмыс арқылы аша түсті. Сабақ барысында оқушылар сауатты сөйлеу, жазу дағдыларын меңгерді. Мұғалім сабақ соңында «Досыма қоңырау» әдісі арқылы оқушылар бір-біріне сабақта алған білімдерін айтып, өз жаңалықтарымен бөлісті.

12.10.2022 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Идрисов 25-қазан Республика күніне байланысты "Мұқағалитану" үйірме шәкірттерімен 6-сынып оқушыларымен " Мұқағали- мәңгілік гұмыр" атты әдеби- сазды кеш өткізді.

Максаты: Мұқағали Макатаевтың өмірбаянымен оқушыларды таныстыру, поэзияға деген қызығушылығын арттыру, өлеңдерін мәнерлеп оқуға дағдыландыру, тілге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.

14-қазан күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі П.Жунисова 8-сынып оқушыларымен Д.Исабековтің 80жылдық мерейтойына орайластырылған саяхат сабақ ұйымдастырды. Д.Исабековтың туған ауылы «Ақжол ауылына, жазушыныңатындағы кітапханаға барып, танысты. Сонда «Әпке» драмасынан үзінді қойып сахналады. Қойылым жоғары деңгейде болды. 8-сынып оқушылары актерлік шеберліктерін таныта білді. Саяхат сабақ оқушылар үшін танымдық деңгейі жоғары сабақтардың бірі болды.

Әзілхан Нұршайықов тек махаббат емес, ерлікті де, адамгершілікті де жырлаған, ұлт жанашыры ретінде еңбектері ұшан-теңіз дара тұлға болғандықтан бұл кеште қаламгердің бір қыры - махаббат тақырыбын ғана қозғап, жазушының «Махаббат, қызық, мол жылдар» және «Мәңгілік махаббат жыры» атты екі шығармасының төңірегінде әңгіме айтылды. Кеш барысында 9-11 сынып оқушылары Ә.Нұршайықовтың өмірі мен шығармашылы туралы, жазушының махаббат тақырыбында жазылған осы екі кітабы туралы таныстырылым жасады.

17-қазан күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Уткельбаеваның ұйымдастыруымен жазушы Ә. Нұршайықовтың 100 жылдық мерейтойына орай «Мәңгілік махаббат жыршысы» атты әдеби сазды кеш өткізілді.

Аталған кітаптың кейіпкерлері, өмірдегі прототиптері туралы да кеңінен айтылды. Сондай-ақ, оқушылар кітаптан сахналық қойылым көрсетіп, Ербол мен Меңтайдың махаббатын, бірге оқыған құрбыларының бейнесін сомдай білді. Әдеби кеш арқылы оқушылар махаббат атты ұлы сезімге мәңгілік өлмес ескерткіш қойған алғашқы қазақ жазушысы туралы терең мағлұмат алып, сезім нәріміздеріне бойлай алды деп сенеміз.

Онкүндіктің соңғы күнінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А.Ұлықбек «Her Majesty Elizabeth II» тақырыбында сыныптан тыс әдеби музыкалық кеш өткізді. Шара барысында оқушылар Елизавета патшайымның өмірінен мәліметтер айтып, ағылшын тілінде көрініс қойды, ағылшын королдігінің мерекелерінен үзінді көрсетті. Өте қызықты сабақ арқылы оқушылардың тілге деген ынтасы арта түсті.

Қорыта келгенде, онкүндік барысында өткізілген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп, оқушыларға білім мен тәрбие беруде, танымдық өрістерін кеңейтуде үлкен септігін тигізді. Онкүндіктің соңғы күні, қорытынды бөлімінде белсене қатысқан оқушылар алғыс хаттармен марапатталып, жүлделі сыйлықтарға ие болды.

«Ізгілік» пән бірлестігінің жетекшісі:



Г.Уткельбаева